

**Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі туралы
ҚР ҰБ Төрағасы Т.М. Сүлейменовтің мәлімдемесі
2025 жылғы 28 қараша, Астана**

**Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының
өкілдері!**

Құрметті журналистер!

Қайырлы күн.

Ұлттық Банкке қош келдіңіздер.

Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені **18%** деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады.

Бұл шешім болжамдық раундтың нәтижелеріне негізделді. Комитет отырысы аясында инфляция мен экономикалық өсу бойынша болжамдарымыз жаңартылды. Сонымен қатар, ағымдағы макроэкономикалық процестер мен тәуекелдер балансының кешенді бағалауы жүргізілді.

Экономикада инфляциялық қысым сақталып отыр. Ол сұраныстың кеңеюіне және оның қарқыны отандық ұсыныс мүмкіндіктерінен жоғары сақталуына байланысты.

Қазанда **инфляция тұрғын үй коммуналдық қызмет тарифтерін** әкімшілік төмендету есебінен біршама баяулады. Алайда базалық инфляция айтарлықтай төмендемеді.

Азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын тауарлардың инфляциясы өсуін жалғастырды. Қысқамерзімді **инфляциялық күтулер** өсіп, құбылмалы күйінде қалып отыр.

Экономика жоғары қарқынмен өсуді жалғастыруда. Фискалдық және квазифискалдық ынталандыру аясында ішкі сұраныстың артуы, әсіресе азық-түлікке жатпайтын тауарларға сұраныс импорт есебінен қамтамасыз етілді. Ал бөлшек тауар айналымы қарқын алып тұр. Бұл көрініс қазіргі инфляциялық қысымның қалыптасуына сұраныс факторларының көп үлес қосқанын дәлелдеп отыр.

Сыртқы экономикалық конъюнктура сауда даулары мен геосаяси шиеленістер аясында **белгісіздік** жағдайында қалып отыр. Азық-түліктің әлемдегі бағасы өте жоғары. Ал оның кейбір түрі – сиыр еті мен өсімдік майының әлемдік бағасы тоқтаусыз өсіп жатыр.

Мұндай жағдайда **тәуекелдің жиынтық балансы проинфляциялық жаққа** ығысқан күйде қалды. Инфляциялық күтулерді тұрақтандыру және инфляцияны төмендету үшін ұзақ уақыт ақша-кредит шарттарының ұстамды қатаңдығы талап етіледі. Жоғары базалық инфляция, тұрақсыз инфляциялық күтулер, келер жылғы квазифискалдық ынталандыру аясында салық реформасының сұранысқа ықпалының белгісіздігі жағдайында Ұлттық Банк 2026 жылғы бірінші жартыжылдық соңына дейін мөлшерлемені төмендету үшін мүмкіндік жоқ екенін көріп отыр.

Инфляцияның баяулау үрдісі тұрақты қалыптасатындай нақты белгілер болмаған жағдайда ақша-кредит шарттарының қатаңдатылу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Ақша-кредит саясатымен бірге баға тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары да маңызды рөл атқарады. Осы кезекте Макроэкономикалық тұрақтандыру және әл-ауқатты арттыру жөніндегі 2026-2028 жылдарға арналған **бірлескен іс-қимыл жоспары** аясында Ұлттық Банк Үкіметпен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп атқаратын шараларды атап өткен жөн.

Енді шешім қабылдауға негіз болған факторларға тоқталып өтейін.

БІРІНШІ. ИНФЛЯЦИЯ МЕН ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР ДИНАМИКАСЫ.

Қазанда жылдық инфляция қыркүйектегі 12,9%-тен **12,6%-ке** дейін төмендеді. Оған тұрғын үй коммуналдық қызмет тарифтерін әкімшілік төмендетуден сервистік инфляцияның қыркүйектегі 15,3%-тен **12,9-ке** дейін баяулауы көбірек ықпал етті. Нарықтық қызметтер бағасының өсуі де 13,4%-ке қарсы 12,9%-ке баяулады.

Азық-түлік инфляциясы, керісінше, **13,5%-ке** дейін өсті. Қыркүйекте 12,7% болған еді. Оған кейбір азық-түлік тауарларына әлемдік бағаның өсуі, импорт пен жанар-жағармай, көмір мен тұрғын үй коммуналдық шаруашылық қызмет бағасының өсуінен өндіріс өнімдерінің қымбаттауы себеп болды. Азық-түліктің, соның ішінде еттің сыртқы нарықта тиімді сатылуына байланысты экспорттың артуы ел ішінде бағаға қысым жасап отыр.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар инфляциясы қыркүйектегі 10,8%-ке қарсы **11%-ке** дейін өсті. Оған жанар-жағармай, дәрі-дәрмек бағасының өсуі мен экономикадағы тұрақты сұраныс ықпал етіп отыр. Қазанда жанар-жағармай бағасының өсуі 14,8%-ке (ж/ж) жетті.

Қазанда **айлық инфляция** айтарлықтай баяулап, **0,5%** болды. Қыркүйекте ол 1,1% болған еді. **Базалық инфляцияның да** қарқыны қыркүйектегі 1,1%-тен 1%-ке дейін баяу төмендеді. Маусымдық факторларды ескермеген инфляция қыркүйектегі 1,3%-тен 0,8%-ға дейін төмендеді. Соған қарамастан инфляциялық қысым әлі де жоғары. Жылдық есепте базалық инфляция 12,2% болды. Бұл – базалық инфляция үшін өте жоғары деңгей. Бұдан бөлек, тұтыну себетіндегі тауарлар мен қызметтердің шамамен 80%-і 5%-тік таргеттен жоғары қарқынмен қымбаттап жатыр. Бұл көрсеткіш баға өсімінің құрылымын көрсететін қосымша индикатор ретінде қолданылып отыр.

Халықтың алдағы бір жылға **инфляциялық күтулері** қыркүйектегі 13,2%-тен **13,6%-ке** дейін көтеріліп, жоғары белгісіздік жағдайында құбылмалы болып отыр. Респонденттердің шамамен 60%-і алдағы инфляцияға болжам жасай алмады. Бағаның өсуі бойынша халықтың ұзақмерзімді күтулері де өсім көрсетті.

Нарықтағы кәсіби қатысушылардың инфляция бойынша 2025 жылға болжамдары 12,3%-ке (*қыркүйекте 12%*) дейін аздап өссе, 2026 жылға – 10% деңгейінде қалды.

ЕКІНШІ. ІШКІ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҮРДІСТЕР.

Экономиканың өсу қарқыны тез. Биыл қаңтар-қазанда **жалпы ішкі өнім 6,4%** болды.

Экономикалық белсенділікке шикізатқа жатпайтын салаларға инвестиция құю, мұнай өндіру көлемінің ұлғаюы және ауыл шаруашылығындағы өнімнің жоғары көрсеткіші әсер етті.

Экономикадағы секторлардың ішінде **көлік пен қоймада сақтау, құрылыс, тау-кен өндірісі, өңдеу** өнеркәсібі және **сауда** салалары **жоғары өсім** көрсетті.

Халықтың нақты табысы төмендегеніне қарамастан, **ішкі сұраныс тұрақты болып қалып отыр.** Бөлшек тауар айналымы кеңейіп, қазанда нақты мәнде 8,7%-ке жетті. Бұл көрсеткіш 2026 жылдан бастап қосылған құн салығының өсуіне байланысты қалыптасқан күтулердің іске аса бастағанын көрсетуі мүмкін. Саудадағы негізгі қозғаушы күш – азық-түлікке жатпайтын тауарларды сатып алу. Сонымен қатар, биыл тамыз-қыркүйекте қызметтерге де сұраныс өсті.

Бөлшек тауар айналымының өсуі өңдеу өнеркәсібінің динамикасынан асып түсті. Бұл тұтынушылық сұраныстың экономикадағы өндіріс мүмкіндіктерінен асып кеткенін көрсетеді.

Халық сұранысын арттырған негізгі тетік – **тұтынушылық кредит.** Тұтынушылық кредиттеуге қойылатын талаптарды қатаңдатқан соң кредиттеудің балама құралдары –

микроқаржы ұйымдары мен ломбард қызметіне сұраныс артып келеді.

Инвестициялық белсенділік биыл да жоғары деңгейде қалып отыр: қаңтар-қазанда өсім 13,1%-ке жетті. Инвестиция құрылымында бюджет қаражатының үлесі әлі де елеулі – шамамен 23%. Биылғы он айда бюджет қаражаты есебінен салынған инвестиция көлемі айтарлықтай артты. Ол 2024 жылғы қаңтар-қазанмен салыстырғанда, нақты мәнде 32,1%-ке өсті.

ҮШІНШІ. СЫРТҚЫ ОРТА ФАКТОРЛАРЫ.

Сыртқы инфляциялық қысым сақталып отыр. Оған себеп – әлемдік азық-түлік бағасының өсуі және жаһандық экономикадағы перспективалардың белгісіздігі.

ФАО деректері бойынша, қазанда азық-түлік бағасының индексі астық, сүт өнімі, ет және қант бағасы индексімен қоса төмендей бастады. Ал өсімдік майы бағасының индексі 2022 жылғы шілдеден бастап рекордтық өсімге жетті. Ет бағасының төмендеуіне қарамастан, баға әлі күнге дейін жоғары. Ал сиыр етінің бағасы өсуін жалғастыруда.

Ресейде инфляция баяулап, қазанда **7,7%-ті** құрады. Қазанда **Ресей Банкі** негізгі мөлшерлемені 16,5%-ке дейін төмендетті, бірақ проинфляциялық тәуекелдердің күшейгенін атап өтіп, риториканы қатаңдатты.

Сауда даулары мен геосаяси шиеленіс салдарынан жетекші орталық банктер өз саясатын сақтықпен жүргізіп отыр.

Қазанда **Еуроодақтағы** инфляция **2,5%** болды. **Еуропа Орталық банкі** өз саясатын жаңа деректерді негізге алып, шешімді кезең-кезеңімен қабылдау тәсілін ұстанады.

АҚШ-тағы инфляция қыркүйекте **3%**-ке дейін қарқын алды және ол таргетпен салыстырғанда жоғары болып қалып отыр. **Федералды резервтік жүйе (ФРЖ)** қысқамерзімді перспективада инфляция тәуекелдері өсу жағына, ал жұмыспен қамту тәуекелдері төмендеу жағына ығысқанын атап өтті. Осыған байланысты ФРЖ ақша-кредит саясатының болашақтағы бағытын қолда бар деректерді, өзгермелі болжамдар мен тәуекелдер бағалауын ескере отырып айқындайтын болады.

Мұнай нарығы жоғары белгісіздік жағдайында қалып отыр. Сұранысқа қарағанда ұсыныстың тез өсуінен нарықта ұсыныс артықшылығының тәуекелі артып келеді.

Қазіргі жағдайларды ескерсек, базалық сценарийде **Brent** маркалы мұнайдың бағасы барреліне **60 доллар** деңгейінде сақталды.

* * *

Енді болжамдар туралы.

2025 жылға инфляция болжамы өсу жағына қарай нақтыланып, **12,0-13,0%** шегінде күтіледі. **2026 жылға** болжам **9,5-12,5%-ке** дейін кеңейтілді.

Болжам жоғары инфляциялық күтулер мен алдыңғы болжамдардан жоғары қалыптасып жатқан нақты инфляцияға байланысты қайта қаралды. Сол кезде жаңартылған

болжамдарда 2026-2027 жылдары реттелетін бағалардың өсу қарқыны «инфляция + 5%» схемасы бойынша баяулайтыны ескерілген. Бұл схема бұрын болған жоқ. Оны Үкімет пен Ұлттық банктің және ҚНРДА кешенді бағдарламасы аясында біз енгіздік.

2026 жылға болжамдар ауқымының кеңеюі бағалаудағы белгісіздіктің өскенін көрсетеді. Ол нақты салық реформасын іске асыруға, оның жалпы сұранысқа әсеріне және квазибюджеттік сектордан жоспарланған қаржыландыру мөлшерінің өсуіне және оның экономикаға ықпалына байланысты.

2027 жылға инфляция болжамы сақталды. Оның **5,5-7,5%-ке** дейін баяулауы күтіліп отыр.

Болжамды кезеңде инфляцияның біртіндеп бәсеңдеуін тежеуші ақша-кредит саясаты, салық-бюджеттің шоғырлануы және Бірлескен іс-қимыл бағдарламасында көзделген шаралар қамтамасыз етеді. Инфляцияға әсер ететін факторлар қатарында жанар-жағармай нарығын әрі қарай либерализациялау, квазифискалдық ынталандыру жағдайында сұраныстың күшеюі және 1-тоқсаннан кейін тарифтердің қайта өсуі бар.

Инфляция болжамындағы қауіпке ішкі сұраныстың күшеюі, сыртқы инфляцияның қарқын алуы, инфляциялық күтулердің өсуі және жанар-жағармай мен қосымша құн салығы тарифтерінің реттелуінен туындайтын қайталама әсерлер жатады. Белгісіздік факторларының бірі –

экономикаға «Бәйтерек» ҰБХ АҚ» арқылы қаржылық қолдау көрсетілуі. Квазифискалдық қаражат ағынының көлемі инфляциялық қысымды күшейтіп, фискалдық шоғырландырудың әсерін ішінара теңестіруі мүмкін.

Енді жалпы ішкі өнімнің өсу болжамына тоқталып өтейін. 2025 жылға арналған болжам алдыңғы болжамды нақтылай отырып, **6-6,5%-ке** дейін жақсарды. Бұл мұнай өндірісіндегі қарқынның, тұтынушылық сұраныстың және инвестициялық белсенділіктің жоғары болуына байланысты.

2026 жылға болжам 2025 жылдың жоғары базасын, салық-бюджет реформасы мен бюджеттік шоғырландыру аясында тұтынушылық сұраныстың қалыпты мөлшерін ескергенде **3,5-4,5%** болды.

2027 жылы экономикадағы өсім **4,0-5,0%** аралығында болады деп күтілуде. Бұл алдыңғы болжамнан біршама жоғары. Экономика инвестициялық белсенділіктің кеңеюіне және мұнай секторының оң динамикасына байланысты өседі.

Жалпы ішкі өнім болжамының тәуекелдері фискалдық тәртіпті сақтауға, Ұлттық қордан қаражат алуды төмендету жоспарын іске асыруға, ішкі сұраныстың көтерілу ықтималдығына және әлемдегі мұнай бағасының төмендеуіне байланысты.

* * *

Құрметті журналистер!

Қорытындылай келе, экономикада проинфляциялық қысым сақталып отырғанын атап өуге болады. Біз инфляциямен күресте барлық қажетті шараларды қабылдауға дайынбыз. Негізгі ішкі факторлар – фискалдық және квазифискалдық ынталандырумен, тұтынушылық кредиттеу арқылы қолдау тапқан тұрақты ішкі сұраныс, жоғары әрі тұрақсыз инфляциялық күтулер, реттелетін бағалардың өсуі. Ресейде инфляция біршама төмендегеніне қарамастан, біздің негізі сауда-экономикалық серіктесімізде елімізге импортталатын әлемдік азық-түлік бағалары тарапынан қысым әлі сақталып отыр.

Бұған дейін қабылданған базалық мөлшерлемені көтеру туралы шешім мен коммуналдық қызметтер тарифін қайта қарастыру бойынша Үкімет қабылдаған шаралар базалық мөлшерлемені ағымдағы деңгейде сақтауға түрткі болды. Алайда инфляция тәуекелдері сақталып, жоғары күйінде қалып отыр. Инфляция ұзақ уақыт тұрақты баяулаған кезде ғана оның төмендегеніне сенімді бола аламыз.

Ұлттық Банк инфляцияның баяулау қарқынын, ішкі сұраныстың реакциясын және Кешенді іс-қимыл бағдарламасы мен инфляцияны төмендету шаралары кешенін іске асыру тиімділігін бағалауды жалғастырады.

Алайда, 2026 жылдың бірінші жартысының соңына дейін базалық мөлшерлемені төмендетуге қазір ешқандай мүмкіндік жоқ екенін көріп отырмыз. Инфляцияның баяулау үрдісі

қалыптасатындай нақты белгілер болмаған жағдайда ақша-кредит шарттарының қатаңдатылу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Енді Үкімет, Ұлттық Банк пен ҚНРДА бірлескен бағдарламасы аясында қандай шаралар жүзеге асырылып жатқанына тоқталсақ. Инфляцияны бақылауды күшейтуге бағытталған Бағдарламадағы маңызды шаралардың бірі – халық табысын «инфляция + 2–3%» деңгейінде өсіруді қамтамасыз ету.

Бағдарламада инфляцияны тікелей немесе жанама түрде өсіруге әкеп соғатын экономикадағы дисбалансты жою шаралары көзделген.

Бағдарламада **ақша-кредит саясатын** орташа қатаң деңгейде жүргізу, **артық өтімділікті қысқарту** бағытында қосымша шараларды жалғастыру, яғни ең төменгі резервтік талаптарды көтеру және алтын сатып алуды «айналау» секілді шаралар көзделген.

Бағдарлама аясында біз ҚНРДА-мен бірлесіп микро- және макропруденциалды реттеу шараларын жалғастыра береміз. Мақсат – тәуекелдерді азайту және тұтынушылық кредиттеу өсімін бәсеңдету. Сонымен қатар секторлық контрциклді капитал буфері мен қарыздың табысқа арақатынасын көрсететін коэффициент енгізілді. Қарыз алушының борыштық жүктемесіне қойылатын талаптар қатаңдатылып, есепке алынатын кірістер құрамына өзгерістер енгізілді. Осыған қатысты жобалық шешімдер дайындалып, жақын арада екінші

деңгейлі банктер арасында талқыға түседі. Сондай-ақ, тұтынушылық қарыздарға жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (ЖТСМ) реттеу барысын өзгерту жоспарда бар. Қазір біз халық табысына қатысты макро- және микро- деректерді есептеп, есептілікті талдап жатырмыз. Есептер банктің қаржыландыру құны, операциялық шығындар және қарыз алушының кредиттік тәуекелін ескере отырып жүргізіледі. Тиісті шешімдер келесі жылдың бірінші жартысында талқыланып, жарияланады.

Өз тарапынан Үкімет контрциклді салық-қаржы саясатын жүргізіп, тарифтік саясатты сақтықпен, теңгерімді жүргізеді.

Жалпы, табиғи монополия субъектілерінің қызметіне тарифтердің өсуі инфляцияға 2026–2027 жылдары «инфляция + 5%» деңгейінде, ал 2028 жылы – «инфляция + 3%» шамасында әсер етеді. Тарифтік өсімнің жалпы инфляцияға қосқан үлесі 1 пайыздық тармақтан аспайды. Бұл формуланы енгізу, біздің ойымызша, инфляцияны бәсеңдету және инвестицияның болжамды болуын арттыру тұрғысынан маңызды факторлардың бірі саналады. Яғни, тарифтердің нақты көрсеткіштерге сәйкес өсетінін білсеңіз, бизнес-жоспар құруға, инвестиция салуға және экономикалық ұсынысты кеңейтуге мүмкіндік туады.

Үкімет пен экономикалық блок квазифискалды ынталандыруларды қазіргі инфляциялық тәуекелдер мен квазимемлекеттік ұйымдардың қарыздық жүктемесін ескере отырып сақтықпен жүзеге асыруы маңызды деп санаймыз.

Бағдарламада қарастырылған осы және басқа да шараларды іске асыру сұранысты тұрақтандыруға және екінші деңгейлі инфляциялық әсерлерді шектеуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, аталған шаралар орта мерзімде инфляцияны 5% деңгейінде тұрақтандыру үшін қажетті жағдай туғызады.

Бірлескен үйлестірілген әрекеттер арқасында біз белгіленген инфляциялық мақсатқа қол жеткізетінімізге сенімдіміз.

Назарларыңызға рақмет!

Енді Сіздердің сұрақтарыңызға жауап беруге дайынбыз.